

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АҚТӨБЕ



1924-2024

ЖЫЛ

ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫЛНАМАСЫ



4 870220 330029

**Облыстық «Ақтөбе» газетінің ға-
сырлық тарихында Қазақстанның
құрметті журналисі Идош Асқардың
қолтаңбасы отыз жылдық кезеңмен
өрнектеледі.**

Ол Ойыл қазақ мектебін бітіріп, со-
дан кейін Алматыдағы Қазақ мемлекет-
тік университетінен журналистика ма-
мандығы бойынша жоғары білім алады.

Дипломды жас маманның алғашқы
еңбек жолы Алға, Ойыл аудандық га-
зеттері арқылы өріліп, облыстық теле-
арнада жалғасады. Ал сол кездегі «Ком-
мунизм жолы» газетіне шығармашылық
тәжірибесі қалыптаса бастаған, өмір
көрген, өнеге түйсінген тұсында келген.
Бір ерекшелігі, бұл уақытта облыстық
басылымда аға буынның тұтас тобы
қызмет істейтін-ді, олардың арасында
ел қорғап, майданнан оралған ағалар
да, көп жылдардан бері газет жұмы-
сымен тыныстап, саусағы мүйізденген



БЕРІК ҰСТАНЫМ ИЕСІ

көнігі қаламгерлер де бар болатын. Со-
лардың сыпайылықпен астасқан сыр-
баздығы, байсалды да байыпты қалып-
тары, жұмысқа берілгендігі мен арасын-
да орнын тауып өзара қалжыңдасатын-
дығы — сол кезде отыздың ар жақ-бер
жағындағы кезекті толқынға үлгі ретінде
беріліп қалғанға ұқсайды.

Өмір ілгері жылжи берді. Жас жур-
налистің тілшілік жолы одан әрі бөлім
меңгерушісі, жауапты хатшының орын-
басары, жауапты хатшы сатыларына
жалғасты.

Осы қызметтердің ішінде газетте бі-
раз жыл жауапты хатшы болған, бар
мен жоқты үйлестіріп, басшы мен қос-
шы арасында дәнекер болып жүретін
ақкөңіл Лұқпан Жұмабаев ағадан кейін
сол тізгінді ұстау жауапкершілігі жоға-
ры болғаны айқын. Өйткені, газеттегі
хатшылық майдандағы бас штаб секіл-
ді. Барлық жоспар осы арадан бастау
алып, күллі шаруа осы жерде жасалып
жатады. Оның үйлестірушісі — жауапты
хатшы. Бұл міндетті орындауда да Идош
аға тізгін қақтырған жоқ. Газет алдында
күн тәртібінде тұрған маңызды тақырып-
тарды келістіріп көрсетіп, редакциядағы
әр қызметкерді қалам қарымына орай
бейімдеп, ішкі шығармашылық жұмыс-
тарды да үйлестіріп отырды. Былай қа-
рағанда, соның бәрі көзге көрінбейтін
жұмыстар.

Енді арада тағы бір аз уақыт өткенде
редакцияға келесі толқын келе бастады.
Сейтіп, оларға ағалық жол көрсету, ұр-
пақтар сабақтастығын жалғастыру қа-
жеттігі білінді.

Осындай мол тәжірибе ол 1996-2000
жылдары облыстық «Ақтөбе» газетінің
редакторлық тізгінін ұстаған тұста көп
көмегін тигізді: елдегі экономикалық
қиыншылықтарға қарамастан, байырғы
басылым өзінің ұстанымынан айырыл-
мады, елге сөзін елеулі етіп жеткізе біл-
ді.

Негізінде журналист көп оқуы, көп
білуі керек деп жатамыз. Ал Идош аға-
ның оқуы ерекше. Ол кітаптарды таңдап,
талғап, зерделеп, сіңіріп оқитын болуы
керек деп ойлаймыз. Бұл оның үйін-
дегі тұтас бір қабырғаны алып тұрған,
әлем әдебиетінен басталып өзіміздің
төл туындыларымызға дейін қамты-
латын кітап сөрелеріне қарап айтқан
тұжырымымыз емес. Кейде сұхбаттаса
қалғанда немесе жазғандарын оқыған
кезде кез келген қаламгер біле бер-
мейтін күрделі жайларды алға тартып
отырғанынан, я болмаса бір тақырыпты
алып, оны салалап зерттей бастағанда
бұған дейін көзіңе түсе қоймаған, әл-өзір
көңілің де ұғына алмай тұрған мысалда-
рынан жаңағыдай пікірге келіп қалға-
ныңызды да білмейсіз.

Журналист ағаның Алматыдағы
«Жазушы» баспасынан осыдан біраз
уақыт бұрын «Өзберген», Рухтың оя-
нуы» деп аталатын тарихи зерттеунама-
сы жарыққа шықты.

Өзберген Мұңайтпасұлы — XIX ға-
сырда өмір сүрген, ат үстінде жүріп
отаршылдыққа қарсы найзасын төсе-
ген, соңынан жасақ ертіп, жауға қарсы
шапқан күрделі тұлға.

Ол кейіпкері Өзбергенді «өзімен қан-
дас, тағдырлас, рухани дәстүр біріктір-

ген жалпақ жұртын біртұтас әлем, ал
өзін соның бөлуге, бөлінуге келмейтін
бір бөлшегі деп есептеген, сондықтан
отаршылдықты тек жеке адамға келген
нәубет емес, әлгі тұтастықты қиратуға,
бүлдіруге келген қасірет деп түсініп, жұр-
тына тигенге қаһар төгіп шабатын батыр
болумен бірге, қауым үшін бейбіт тір-
шіліктің жолдарын іздестіретін мәміле-
гер саясаткер, қайраткер ретінде таныл-
ды» деп сипаттайды. Содан туындатып,
оның биік тұлғасын танытады. Ресми
құжаттардан сол кездің оқиғаларын, ел
ішіндегі ахуалды, күрес жолдарын алса,
батырдың ішкі жан дүниесін, ой толға-
ныстарын ашуда іргелес қарақалпақ
жұртының заманындағы классик шайы-
рлары Бердақ пен Әжанияздың жырла-
рына жүгінеді.

Қалай болғанда да бұрынырақта
есімі ел аузында айтылып, ескі көздердің
ортамыздан кетуімен көп әңгімесі кө-
мескіленіп бара жатқан Өзберген Мұңай-
тпасұлы бейнесі Идош аға қаламымен
жаңарып, жаңғырығып, арамызға қайта
оралды. Енді ол келер ұрпақтың да көзін
ашар, көңілін оятар жәдігер іспетті бол-
мақшы.

...Идош аға соғыс басталмастан
біреу жыл бұрын кейіннен Берсиев
атағын алған ауылдық округ аймағын-
да дүниеге келген. Бәлкім, содан да ма
екең, ол атақты тарышы өмірін терең
зерттеп, «Шығанақ — қазақ елінің еңбек
паспорты» атты үлкен бір дүние жазды.
Бұл жай ғана мақала емес, тағылымды
зерттеу, толымды пайымдау тұрғысын-
дағы зерделі еңбек болды.

Бұрын Шығанақ Берсиев тұлғасын
қазақтың көрнекті жазушысы Ғабиден
Мұстафиннің «Миллионер» романынан
ғана білетін қалың жұртшылық бұл жолы
басқаша әсерге бөленді. Өйткені көркем
әдебиеттегі жақсы сипаттағы бейнені,
сол кездің көрінісін ол осы топырақта
туып-өскен, кешегі-бүгінгі ахуалды жақ-
сы білетін журналист ретінде өзгешелеу
суреттейді: Оқырманына ең алдымен:
«Біз оның рекордын білеміз дейік, ал ол
өмір кешіп, еңбек еткен, кереметтей көп
өнім алған жылдарындағы жалпы елде-
гі жағдайды бүгінгі ұрпақ біле ме?» деп
сауал тастайды сөз басында. Сосын
«өткен ғасырдың отызыншы жылдары-
ның соңы мен Ұлы Отан соғысы жыл-
дары аралығында шөлейт Ойыл дала-
сының алақандай дерлік жерін қолдан
қунарландырып, тары дақылын өсіруде
дүниеде бұрын-соңды болмаған, оны
агроғылымның өзі көрсеткішті «теория-
дағы болжамнан асып кетті» деп мо-
йындаған, еңбектегі үлгі-өнересімен дән-
ді дақыл өсіруде бүкіл елді қозғалысқа
түсірген, енді, міне, мына тойынған
уақытта жұртының есінен кетіп, ескерт-
кіште еленбеген, шағын Қарасудың бо-
йында қазақтың халық ретіндегі қадірін
айдай әлемге айқындаған атақты Шыға-
нақ туралы» ойларын өз дәлел-тұжы-
рымдарымен алға тартады.

Ең бастысы, не жазса да біліп жаза-
тын, ұғындыра, жеріне жеткізе жазатын
Идош аға Асқар қаламының қуаты өзге
әріптестеріне мүлдем ұқсай бермейді.
Оның журналистикадағы қолтаңбасы
сонымен ерекшеленеді.

Нұрмұханбет ДИЯРОВ.